



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 292 бұйрығына 4 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

БҰЙРЫҚ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2000 жылғы 11 қаңтар N 8 . Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 02 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1070 Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2000 жылғы 11 қарашадағы N 480 бұйрығымен. (Бұйрықтан үзіндіні төменнен қараңыз.)

Ескерту: ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 11 қарашадағы N 480 бұйрығы мен күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесінен үзінді:

"Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 қарашадағы N 1675 P001675_

қаулысына сәйкес Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

<*>

Министр

<*>

5. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 292 бұйрығына N 4 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 8

бұйрығы.

Бұйырамын:

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен мемлекеттік тапсырыстарды қаржыландырудың Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 15 маусымдағы 292 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен мемлекеттік тапсырыстарды қаржыландырудың Ережесіне келесі мағынадағы 4-1 пунктпен толықтырылсын:

"4-1. Қазақстан Республикасы Үкіметімен айқындалған республикалық программалар (подпрограммалар) бойынша мемлекеттік тапсырысты қаржыландырудың ерекше тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі белгілей алады."

5-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік тапсырыс ретінде қаржыландыру нысаны белгіленген тәртіппен айқындалған бағдарламалар (кіші бағдарламалар) екі топқа бөлінеді.";

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырыс туралы Ережеде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері әзірлейтін және бекітілетін әрбір бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жоғарыда аталған топтың біреуі айқындайтын есептесудің принципі көрсетіледі.";

6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда берілсін:

"Мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарттар (келісім шарттар),

осы қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджеттерде бекітілген жылдық сомадан, осы қаржы жылында қайта тіркелген, өткен қаржы жылындағы міндеттемелер алып тасталынған сомаға жасалуы мүмкін.";

9-тармақта:

екінші абзацтағы "3 және 4" деген сөздер "1 және 2" деген сөздермен ауыстырылсын;

"осы ережеге" деген сөзден кейін, "осы қосымшаларда айлар бойынша сомалар республикалық және жергілікті бюджет тізімдемесі шығындарының шеңберінде болуға тиіс." деген сөздермен толықтырылсын;

1 және 2 қосымшалар алынып тасталсын;

3 қосымша осы ереженің 1 қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

4 қосымша осы ереженің 1 қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Министр

ҚРҚМ

" " _____ N

бұйрығына 1-қосымша

Республикалық және жергілікті

бюджеттер есебінен мемлекеттік
тапсырысты қаржыландыру
Ережесіне 1-қосымша

Бекітемін:

Бюджеттік бағдарлама
әкімшісінің жетекшісі

" ____ " _____ ж.

_____ жылға арналған мемлекеттік тапсырыс шеңберінде
орындалатын жұмыс (қызметтер) жоспары

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі -----

Бағдарлама -----

Кіші бағдарлама -----

Мемлекеттік тапсырысты атқарушысы -----

! Жұмыс жоспары ! Сомасы
! (мың теңге)

қаңтар
ақпан
наурыз
сәуір
мамыр
маусым
шілде
тамыз
қыркүйек
қазан
қараша
желтоқсан

жиыны

Мемлекеттік тапсырысты атқарушы _____
Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің
қаржы бөлімшесінің жетекшісі _____

Ескерту:

Осы нысан 1-топқа жататын мемлекеттік тапсырыс негізінде
қаржыландырылатын бағдарлама (кіші бағдарлама) үшін толтырылады.

ҚРҚМ " " _____ N
бұйрығына 2-қосымша

Республикалық және жергілікті

бюджеттер есебінен мемлекеттік

тапсырысты қаржыландыру
Ережесіне 2-қосымша

Бекітемін:

Бюджеттік бағдарлама
әкімшісінің жетекшісі

_____ ж.

_____ жылға арналған мемлекеттік тапсырыс шеңберінде
орындалатын жұмыс (қызметтер) жоспары

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі _____

Бағдарлама _____

Кіші бағдарлама _____

Мемлекеттік тапсырысты атқарушысы _____

(теңге)

Кодтар ! Атауы ! Жиыны ! қаңтар! ақпан! наурыз! сәуір! мамыр!

! Жалпы саны, бірлік. !

! Шығыстарға _____ !

! (баға бірлігі)!

! !

! Жалпы санына арналған!

! жалпы шығыстар !

таблицаның жалғасы:

маусым !шілде ! тамыз !қыркүйек ! қазан !қараша !желтоқсан

Мемлекеттік тапсырысты атқарушы _____

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің
қаржы бөлімшесінің жетекшісі _____

Ескерту:

Осы нысан 2-топқа жататын мемлекеттік тапсырыс негізінде
қаржыландырылатын бағдарлама (кіші бағдарлама) үшін толтырылады.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.